



ШЕШІМ

24.11.2021

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 104/15-VII

город Нур-Султан

Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үй  
көмегін көрсетудің мөлшері мен  
тәртібін айқындау туралы

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Келесі шешімдердің күші жойылды деп танылсын:

1) Астана қаласы мәслихатының «Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы» 2019 жылғы 6 наурыздағы № 363/45-VI (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1222 болып тіркелген) шешімі;

2) Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының «Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсету қағидалары туралы» Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы № 363/45-VI піешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 532/72-VI (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1292 болып тіркелген) шешімі.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының хатшысы

Е. Каналимов

Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының  
2021 жылғы 24 қарашадағы  
№ 104/15-VII шешіміне  
қосымша

## **Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі**

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Нұр-Сұлтан қаласында тұрақты тіркелген және тұратын, Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжай ретінде менишік құқығында тұрган тұрғынжайды тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстаяға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмысалатын шығыстарға;

коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысының шекті жол берілетін шығыстар үлесі 5 (бес) пайыз мөлшерінде.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындауды уәкілетті орган – «Нұр-Сұлтан қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырады.

3. Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысын уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдіріген тоқсанның алдындағы тоқсанға «тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматтының) жиынтық табысын есептеу Тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 226 бүйрекшімен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20498 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен есептейді.

4. Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстаяға, оның ішінде

көндөмилиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық көрсетілетін қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде көрсетілетін байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге арналған шығыстарға ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының жергілікті өкілді органдар белгілеген шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

5. Тұрғын үй көмегінің мөлшері Қағидаларда белгіленген нормалар шегінде төлеуге жататын коммуналдық және өзге де қызметтер сомасы мен отбасының осы мақсаттарға шекті жол берілетін шығыстар деңгейінің арасындағы айырма ретінде есептеледі.

6. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының нормасына Қазақстан республикасының Тұрғын үй заңнамасымен белгіленген тұрғын үй бери нормасы бір адамға он сегіз шаршы метр.

Жалғыз тұратын аз қамтылған отбасылар (азаматтар) үшін тұрғын үй алаңының нормасы отыз шаршы метр, бірақ бір бөлмелі пәтерден немесе жатақханадағы бөлмeden кем емес болып қабылданады.

7. Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу «әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Аз қамтылған отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларына сәйкес тоқсанына бір рет «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе «Электрондық үкімет» веб-порталына жүгінеді.

Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау мерзімі не Мемлекеттік корпорациядан не «Электрондық үкімет» веб- порталы арқылы құжаттардың толық жиынтығын қабылдаған күннен бастап бастап тарту туралы дәлелді жауап сегіз жұмыс күнін құрайды.

9. Тұрғын үй көмегі жеткізушілер ұсынған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде шығыстар сметасына сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған ай сайынғы жарналар туралы шоттар және аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) бюджет қаражаты есебінен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шоттары бойынша көрсетіледі.

10. Тұрғын үй көмегін тағайындау Нұр-Сұлтан қаласының бюджетінде тиісті қаржы жылына көзделген қаражат шегінде аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) жүзеге асырылады.

11. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган есептелген сомаларды тұрғын үй көмегін алушылардың жеке шоттарына екінші деңгейдегі банктер арқылы аудару жолымен жүзеге асырады.